

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 54 – 58

**N. B. Tauyekelov**

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
[nur-doit@mail.ru](mailto:nur-doit@mail.ru)

## **ORDER OF FORMATION AND MANAGEMENT OF LOCAL EXECUTIVE BODIES**

**Abstract.** In our country joint operation of NSC, Departments of IA, regional prosecutor's office, regional court is organized for the purpose of protection of legitimate interests, freedom and rights of legal entities and individual persons.

The first deputy of akim of region supervises issues for the control and distribution of works of the entities in the sphere of rendering services: trade, transport and telecommunications, public procurements, construction, architecture and effective development of construction industries in regions, carrying out exploration and surveying works in the territory of the region, reconstruction and start-up of local transport roads, support and development of an entrepreneurship.

He directs services of managements on infrastructure and public procurements, and also the relevant managements on support and development of an entrepreneurship, management of a construction, architecture and a construction in regions.

**Keywords:** industry, power, village, infrastructure, statistics, body, state.

**Н.Б.Тәүекелов**

әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық Университеті, Алматы қаласы

## **ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ МЕН ОНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕ ҮЙІМДАСТАРЫРУ**

**Аннотация.** Біздің елімізде заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделерін, бостандығы мен құқығын қорғау үшін ҰҚҚ, ПБ департаменттерімен, облыстық прокуратура, облыстық сотпен бірлесе жұмыс істеуді үйімдастырып, онды жолға кояды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындардың жұмысын бақылау және үйлестіру мәселелері: сауда, көлік және телекоммуникация, мемлекеттік сатып алу, құрылыш, сәулет және аймактарда құрылыш салу салаларын тиімді дамыту, облыс аумағында геологиялық барлау және іздестіру жұмыстарын жүргізу, жергілікті маңызы бар көлік жолдарын қайта құру және іске қосу, кәсіпкерлікті колдана және дамыту жұмыстарына жетекшілік жасайды.

Инфрақұрылым және мемлекеттік сатып алу жөніндегі, сондай-ақ кәсіпкерлікті колдана және дамыту жөніндегі тиісті басқармалардың, құрылыш, сәулет және аумақтарда құрылыш салу басқармасының қызметтеріне басшылық жасайды.

**Түйін сөздер:** индустрия, энергетика, село, инфрақұрылым, статистика, орган, мемлекет.

Жергілікті атқарушы органдардың тиімді жүйесін құру мақсатында біртұастықпен басқарушылық талаптарының бұлжымай орындалуы жағдайында атқарушы биліктің түрлі деңгейлері арасындағы қызметтер аясын, функциялары мен жауапкершіліктерін нақты ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіріп, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқарудағы атқарушы органдардың тиімді, әрі толық қуатында жұмыс жасауы үшін жағдайлар туғызу Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі болып танылады.

Демек, жергілікті атқаруши органдардың жүйелі бағынысындағы құқықтық реттелудің ақаулықтарын әлі де болса толықтыруды және оны қоғамдық катынастардың маңызды салаларына терендетуді қолға алу дағы атқарушылық заннаманы жүйелеу оның барлық үш нысанын қолдану: инкорпорациялау, кодификациялау және консолидациялау арқылы жүзеге асырылуы керек[1].

Мемлекетті, оның ішінде әкімшілік-аумақтық бөліністі оздыратын да, тоздыратын да ондағы билік иелері - жергілікті атқаруши органдар деушілер табылады. Дегенмен демократия, өзін-өзі басқарушылық жүйесін қолға алу керек деп жерден айқай кетерсек те елді тойындырып, киіндіретін шаруаның жұмысын үйлестіріп, оларды үйымдастырып отыратып жергілікті атқаруши органдардың жөні бөлек.

Республикамызда алғашында жергілікті атқаруши орган – әкімшілік деп аталды. Әкімшіліктің басшысы болып табылатын әкім Республика Президентінің жергілікті жердегі тікелей сенім білдірген заңды өкілі болып есептелді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін бүгінде қызметке Премьер-министрдің ұсынысы бойынша Республика Президентін тағайындауды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдерін олар жөнінде жоғары тұрган әкімдер тағайындаі алады. Заң бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің өкілеттігі республиканың жаңадан сайланған Президенті қызметке кірісken кезде тоқтатылады деп танылғанымен, тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініске жаңа әкім тағайындалғанша бұрынғы әкімдер өз қызметін жалғастыра бермек [2].

Әкімият басшыларының орынбасарлары тиісті әкімият басшысы белгілеген өкілеттілік міндеттерді бөлуге сәйкес қызмет атқарады. Жергілікті атқару органына басшылық жасайтын облыс әкімі, облыс әкімінің орынбасарлары мен облыс әкімі аппаратының жетекшісі арасындағы қызмет міндеттерін бөлісе отырып, қызмет атқару функциясы жергілікті атқаруши органның басшы құрамының құрылу тәртібінің негізін құрайды.

Мәселен, облыс әкімі Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі ретінде облыс аймағында жалпы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Зандарапының, Президент Жарлықтары мен Үкімет актілерінің бұлжымай орындалуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет жөніндегі заңдылыққа сәйкес өз қарамағындағы жергілікті атқаруши органдар мен облыс әкімі аппаратының салалық бөлімше басшыларын, қала мен аудан әкімдерін қызметке тағайындауды немесе қызметінен босатады.

Облыстық мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерінің қызметіне жалпы басшылық жасайды. Облыс аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы ведомстволары мен министрліктерінің аймақтық органдарының жұмысын үйлестіреді.

Облысты дамыту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларын, жоғары тұрган мемлекеттік органдардың директивалық құжаттарын таратуда Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі мен Үкіметпен бірлесе жұмыс жасайды.

Заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделерін, бостандығы мен құқығын қорғау үшін ҰҚҚ, ПБ департаменттерімен, облыстық прокуратура, облыстық сотпен бірлесе жұмыс істеуді ұйымдастырып, оңды жолға қояды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындардың жұмысын бақылау және үйлестіру мәселелері: сауда, көлік және телекоммуникация, мемлекеттік сатып алу, құрылыш, сәулет және аймактарда құрылыш салу салаларын тиімді дамыту, облыс аумағында геологиялық барлау және іздестіру жұмыстарын жүргізу, жергілікті маңызы бар көлік жолдарын қайта құру және іске қосу, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жұмыстарына жетекшілік жасайды.

Инфрақұрылым және мемлекеттік сатып алу жөніндегі, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі тиісті басқармалардың, құрылыш, сәулет және аумақтарда құрылыш салу басқармасының қызметтеріне басшылық жасайды.

Бас мердігерлік және қосалқы мердігерлік үйымдарының, жобалау үйымдарының, құрылыш индустріясы кәсіпорындарының мемлекеттік сараптау, мемлекеттік құрылышты лицензиялау және сәулет құрылышын бақылау, салық полициясы, кеден, почта байланысы, қорғаныс (эскери) комиссариаты, эскери гарнizon, әділет басқармасы, қозғалмайтын мүлік орталықтары, стандарттау,

метрология және сертификат, жер қыртысын қорғау жөніндегі мемлекеттік қадағалау инспекциясы өкілдігінің жұмыстарын үйлестіріп отырады[3].

Облыс әкімінің орынбасары Үкіметін алдағы таяу жылдарға арналған багдарламасын орындау жөніндегі облыс әкімінің жұмыс жоспарын жүзеге асыру, экономикалық реформаға басшылық, ағымдағы және индикативті жоспарларды жасау, болжам жасау және қаржыландыру, баға, несие, есеп тәртібі, ақша айналымы, жалакы, құнды қағаздар рыногын қалыптастыру мәселелерін өз қарауына алады.

Жергілікті бюджеттің бюджеттен тыс және басқа да қорлардың қаржыларын жинау мен жұмсауға бақылау жасайды және оны талдайды. Қаржы, экономика, еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау департаменттерінің жұмысына басшылық жасайды.

Салық комитетінің, статистика және талдау, қазынашылық, банктер, мемлекеттік зейнетакы төлеу орталығы, зейнетакы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау жөніндегі өкілдігі жұмысын үйлестіріп отырады. Бұған қоса, оның қарауына өнеркәсіп саласын қалыптастыру және тиімді дамыту, энергетика кешені, газ және коммуналдық шаруашылық, санация, жарамсыз кәсіпорындарды тарату және банкротқа жіберу, тұрғындарды еңбекпен қамту мәселелері жатады.

Индустрія, энергетика және коммуналдық шаруашылық департаменттерінің, жұмыспен қамту баскармасының жұмыстарына бақылау жасайды. Меншік нысанына қарамастан өндіріс орындарының, облыстағы жылу-энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылықтың жұмысын үйлестіреді.

Облыстық әкімнің келесі орынбасарына ішкі саясат, ұлтаралық көлісім, тіл саясаты, әлеуметтік мәдени сала бағдарламасын дайындау және жүзеге асыру мәселелері беріледі.

Сонымен қатар мемлекет басшысының және Үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын түсіндіру жөнінде партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, діни конфессиялармен, шығармашылық одақтармен, ұлттық-мәдени орталықтармен жұмыс жүргізу, әлеуметтік саяси жағдайларды болжау және реттеу, мекемелердің жұмыс істеу механизмін қалыптастыру және әлеуметтік қарама-қайшылықтарды болдырмау мәселелері жүктелген.

Гендерлік саясаты жүргізу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, туберкулезден, сары аурумен күрес бағдарламасын жүзеге асыруға бақылау жасайды. Оқушыларды ыстық тاماқпен қамтамасыз ету, балалардың мектепке баруын, әскер жасына дейінгі және әскерге шақырылған жастармен жұмысты қадағалайды.

Білім, спорт және дene тәрбиесі департаменттерінің, деңсаулық сақтау, мәдениет және жастар ісі жөніндегі басқармалардың, архив пен құжаттама бөлімінің, отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссиялардың, тұрмысы нашар азаматтарды қолдау қорларының жұмысына басшылық жасайды.

Ақпарат және қоғамдық көлісім басқармасының, СЭС-тің, баспаҳаналар мен ғылыми мекемелердің, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының, бұкарапалық ақпарат құралдарының, ономастика, көмелеткे толмаған жастар, нашақорлық, маскунемдік пен алкоголязммен күрес жөніндегі облыстық комиссиялардың жұмысын ұйымдастырады[4].

Облыс әкімінің тағы бір орынбасары агроенеркәсіп кешені және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу мен босату, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерімен айналысады.

Селодағы реформаны терендету, ауыл шаруашылығы құрылымдарын қаржылай сауықтыру, шаруа (фермер) шаруашылығын дамыту, маркетингтік қызмет, машина-технологиялық станция, азық-түлік көтерме сауда базарының жұмыстарын қадағалайды, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші одақтар мен ассоциациялардың жұмысын реттейді. Ауыл шаруашылығы департаменті мен жер инспекциясының қызметіне басшылық жасайды.

Коршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар басқармасының, орман, балық және анишылық шаруашылығының жұмыстарын үйлестіреді. Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетке, облыстық және аймақтық ғылыми-зерттеу институттары мен ауыл шаруашылық мақсатындағы стансаларға, гидромегерология орталығына және агроенеркәсіп кешенінің басқа да үйимдарына мемлекеттік бақылау жасау тапсырылған.

Шет елдерден инвестиция тарту, кәсіпорындарды шетелдік фирмаларға сырттай басқаруға беру, сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту, бірлескен кәсіпорындардың жұмыс тиімділігін қамтамасыз ету, шекара әскерлерін орналастыру мен өзара іс-қимылын, миграциялық

жөне демографиялық процестерді реттеу, туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелерін үйімдастыру, сыртқы экономикалық байланыс және инвестиция, туризм қатынастарына тиісті басқармалардың, коммуналдық меншік және активтерді басқару жөніндегі департамент жұмысына басшылық жасайды. Төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма, миграция мен демография жөніндегі құзырлы органдар жұмысын үйлестіріп отырады.

Ал, облыс әкімі аппаратының жетекшісі облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету үшін бөлімдер мен аппараттың өзге де құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйімдастырады, нормативті актілер мен директивалық құжаттардың орындалуына бақылау жасайды.

Мемлекеттік қызмет туралы занға сәйкес облыс әкімі тағайындастырын кадрларды зерттеп, оған ұсыныс енгізеді. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік актілерін, облыс әкімінің шешімдері мен әкімдерін орындаған мемлекеттік қызметкерлерге тәртіптік шара қолданады. Жақсы жұмысымен көзге түскендерді көтермелеге материалдар дайындаиды.

Облыс әкімінің облыстық мәслихатпен, қала, аудан әкімдерімен, облыс әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелермен, министрліктер мен ведомстволардың аймақтық органдарымен өзара іс қимылын қамтамасыз етеді[5].

Мемлекеттік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі орталықтың жұмысына басшылық жасайды.

Мұнда әкімият басшысы қызмет орында уақытша болмаған немесе оның өз міндеттерін аткарды мүмкін болмаған жағдайда оның өкілеттігін бірінші орынбасары жүзеге асырады. Әкімият басшыларының орынбасарларын жергілікті әкімият басшылары тағайындаиды және қызметтен босатады.

Әкімшілік-аумақтық бөліністегі бөлімдер мен басқармалар жергілікті әкімшіліктің мамандандырылған басқарушы органдары болып табылады. Олар тиісті мәслихаттардың, жергілікті әкімдердің, жоғары тұрған органдардың басқару салалары мен бағыттаушы нұсқаулары аясындағы шешімдерін орындау жөнінде қызмет етеді.

Қызмет аппаратының бөлімшелерінен айырмашылығы – бөлімдер мен басқармалар тиісті мәслихатқа және жергілікті әкімдерге бағындырылған тиісті салалардың мекемелерін, үйымдарын, кәсіпорындарын басқаруды жүзеге асырады, әрі өз құзыреті шетінде әкімшілік қызмет жүргізеді.

Бөлімдер мен басқармалар өкілеттігінің көпшілігі жергілікті әкімдер құзыретінің іске асырылуымен тікелей байланысты жүргізілуді мақсат тұтады. Соңдықтан олардың қызметін тиісті жергілікті әкімнің басқару саласындағы қызметінің нысаны ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге өз кезегінде жергілікті мемлекеттік басқару органдарының бет-бейнесін көрсететін бөлімдер мен басқармалар тиісті министрліктердің және республика ведомстволарының жүйесіне кіреді.

Облыстық және ірі қалалардағы жергілікті атқарушы органдардың салалық басқару аппараты мейлінше сан салалы болып келеді. Аудандық, аудандарға бағынышты қалалық атқарушы органдар аппаратының шағын болуын ескере отырып, қызмет саласына карай бөлімдері, басқармалар мен өзге де бөлімшелерді мынандай негізгі жіктемеде топтастырып қараша керек: өндіріс саласы (мысалы, жергілікті өнеркәсіп, күрделі құрылым, сәулелік-құрылым және басқа бөлімдері мен басқармалары); халықта қызмет көрсету (экономика, деңсаулық сақтау, еңбек және жұмыспен қамту, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау және т.б. бөлімдері немесе басқармалары); құқық тәртібін және азаматтардың құқықтарын көртауды қамтамасыз ету (ішкі істер, әділет бөлімдері мен Органдары, АХАЖ, нотариат Органдары және басқалар) [6].

Бағамдап қарасақ, әрбір жергілікті атқарушы органдардың құрылу тәртібіне карай, оның құрамын жасақтауда оған басшылық жасайтын лауазымды тұлға үйімдастырушылық қабілеті мол басқарушылық мамандарға тән қасиетімен ерекшеленуі тиіс. Басқарушы тұлғаға ең алдымен көпшілікті өзіне сендіретін, айтқанына көндіре алатын бедел керек. Сол арқылы жұрт оны қапысыз мойындаиды.

Ал, басқарудағы іскерлік бедел бүйіркепен немесе пәрменмен келмейді, ол білімі мен іскерлігін, қабілет-қасиетін, жанашырлығы мен қызметтік жауапкершілігін бойына сінірген азаматқа ғана бүйірлады. Оған ел төрөші. Ел қашанда басшыға лайық адамды тани да таңдай да біледі.

## ӘДЕБІЕТ

[1] Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсағында: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. // Егemen қазақстан. – 2006. - 1 наурыз.

[2] Напиц А. Правотворчество: теория и законодательная техника. - М.: Прогресс, 1974.

- [3] Перевалов В.Д. Теория государства и права: учебник для вузов. - М.: Юрайт, 2010.
- [4] Марченко М.Н. Теория государства и права: учебник для вузов / М.Н. Марченко. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Проспект, 2006.
- [5] Алексеев С.С. Общая теория права. В 2 т. Т.1. / С.С.Алексеев. - М.: Юридическая литература, 1981.
- [6] Иванец Г.И. Правообразование (понятие, природа объективного и субъективного). // Право и политика. – 2001. - №8.

#### **REFERENCES**

- [1] Nazarbaev N.Ә. Қазақстан өз дамуындырыңында серпиліс жасаудың қарсарында: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқының Zholdauy. // Egemen қазақстан. – 2006. - 1 наурыз.
- [2] Nashic A. Pravotvorchestvo: teoriya i zakonodatel'naja tekhnika. - M.: Progress, 1974.
- [3] Perevalov V.D. Teorija gosudarstva i prava: uchebnik dlja vuzov. - M.: Jurajt, 2010.
- [4] Marchenko M.N. Teorija gosudarstva i prava: uchebnik dlja vuzov / M.N. Marchenko. 2-e izd., pererab. i dop. - M.: Prospekt, 2006.
- [5] Alekseev S.S. Obshchaja teorija prava. V 2 t. T.1. / S.S.Alekseev. - M.: Juridicheskaja literatura, 1981.
- [6] Ivanec G.I. Pravoobrazovanie (ponjatie, priroda ob#ektivnogo i sub#ektivnogo). // Pravo i politika. – 2001. - №8.

**Н.Б.Тауекелов**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы  
[nur-doit@mail.ru](mailto:nur-doit@mail.ru)

#### **ПОРЯДОК ФОРМИРОВАНИЯ И ОРГАНИЗАЦИЯ МЕСТНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ**

**Аннотация.** В целях охраны законных интересов, свобод и прав юридических и физических лиц в нашей стране организована совместная работа КНБ, ДВД, областной прокуратуры, областного суда.

Первый заместитель акима области курирует вопросы контроля и распределения работ предприятий в сфере оказания услуг: торговля, транспорт и телекоммуникации, государственные закупки, строительство, архитектура и эффективное развитие отраслей строительства в регионах, проведение геологоразведочных и изыскательских работ на территории области, реконструкция и запуск транспортных дорог местного значения, поддержка и развитие предпринимательства.

Руководит службами управлений по инфраструктуре и государственным закупкам, а также соответствующими управлением по поддержке и развитию предпринимательства, управления строительства, архитектуры и строительства в регионах.

**Ключевые слова:** индустрия, энергетика, село, инфраструктура, статистика, орган, государство.

#### **Сведения об авторах:**

Н. В. Tauyekelov – Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
Н.Б.Тауекелов – Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлгітық Университеті, Алматы қаласы  
Н.Б.Тауекелов – Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы